

Дәріс № 14. Стандарттау және сертификаттаудағы нормативтік құқықтық аспектілер

Дәрісте игерілетін пәннің оқыту нәтижелері:

ПОН 8- Экологиялық мониторинг әдістерін біледі және орындайды;

ПОН 9- Биоиндикацияны қолданудың негізгі принциптері мен түрлері, Сынамаларды іріктеу әдістемелерін көрсетеді;

ПОН 10-Қоршаған орта сапасын нормалау түрлерін орындай алады;

ПОН 11- Экологиялық стандарттаудың нормативтік-құқықтық тұрғыда талдау жасап, Экологиялық кодекске, мемлекеттік стандарттар мен дүниежүзілік метеорологиялық ұйымдарға анықтама бере алады

Дәріс жоспары:

1. ҚР Техникалық реттеу туралы Заңы.

2. ҚР Стандарттау туралы Заңы.

Дәріс мақсаты: Стандарттау және сертификаттаудағы нормативтік құқықтық аспектілерді түсіндіру

Дәріс мәтіні:

1. ҚР Техникалық реттеу туралы Заңы

Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңына сәйкес елімізде мемлекеттік стандарттау жүйесі (МСЖ) жұмыс атқарады. Қазақстан Республикасында стандарттаудың құқықтық негіздері 2004 жылдың 9 қарашасында қабылданған және 2005 жылдың 9 мамырынан бастап күшіне енген «Техникалық реттеу туралы» Заңға сәйкес бекітілген. «Техникалық реттеу туралы» Заңды барлық мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, шаруашылық қызметтің субъектілері орындауға міндетті.

Бұл Заң Қазақстан Республикасында өнімнің, көрсетілетін қызметтердің және процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құқықтық негіздерін белгілейді. сондай-ақ «Техникалық реттеу туралы» Заң тұтынушылардың құқықтарын мемлекеттік стандарттардағы нормалар, ережелер, талаптар арқылы мемлекеттік қорғау іс-шараларын анықтайды және олардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізеді.

Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары:

1) міндетті регламенттеу саласында:

- өнімнің, процестердің адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта, оның ішінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- өнімнің, көрсетілетін қызметтің қауіпсіздігіне және сапасын қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын іс-әрекеттердің алдын алу;
- саудадағы техникалық кедергілерді жою;

Техникалық реттеу:

1) мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің бірлігі мен тұтастығы;

2) бірыңғай терминологияны, өнімге, көрсетілетін қызметке, процестерге қойылатын талаптарды белгілеу ережелерін қолдану;

3) техникалық реттеу мақсаттарының орындылығы мен қолжетімді болуы, техникалық реттеу процестеріне қатысу үшін тең мүмкіндіктерді, мемлекет пен мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету;

4) отандық және импортталатын өнімге, көрсетілетін қызметке және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімдеріне қойылатын талаптардың бірдей болуы;

5) техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу кезінде ғылым мен техника жетістіктерін, халықаралық және өңірлік ұйымдардың стандарттарын басым пайдалану;

6) техникалық регламент талаптарының мемлекет экономикасының дамуы, оның материалдық-техникалық базасының деңгейіне және ғылыми-техникалық даму деңгейіне сәйкестігі;

7) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, техникалық регламенттердің, стандарттардың және олар туралы, оларды әзірлеу, бекіту, жариялау тәртібі туралы ақпараттың қолжетімділігі;

8) стандарттарды қолдану мақсатында оларды ерікті түрде таңдау;

9) сәйкестікті растаудың бірыңғай жүйесі мен ережелері;

10) бір органның аккредиттеу және сәйкестікті растау жөніндегі өкілеттіктерді қоса атқаруын болдырмау;

11) бір мемлекеттік органда мемлекеттік бақылау және сәйкестікті растау функцияларының үйлесушілігі;

12) сәйкестікті растау жөніндегі органдардың дайындаушыларға (орындаушыларға), сатушыларға және сатып алушыларға тәуелсіздігі;

13) сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар бәсекелестіктің шектелуін болдырмау принциптеріне негізделеді.

Техникалық реттеу туралы Заң 7 тараудан және 47 баптан тұрады.

Техникалық реттеу туралы Заңының тарауларына төмендегілер жатады:

1-тарау. жалпы ережелер.

2-тарау. техникалық регламенттер.

3-тарау. стандарттау. жалпы ережелер.

4-тарау. сәйкестікті растау.

5-тарау. сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және зертханаларды аккредиттеу.

6-тарау. техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау мен қадағалау.

7-тарау. мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды адамдарының, жеке және заңды тұлғалардың қазақстан республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасын сақтамағаны үшін жауаптылығы.

7-тарау. мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды адамдарының, жеке және заңды тұлғалардың қазақстан республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасын сақтамағаны үшін жауаптылығы.

8-тарау. қорытынды және өтпелі ережелер.

Сондай-ақ, сертификаттау туралы Заңы келесі мәселелерді қарастырады:

- Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар.
- Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасы.
- Заңның қолданылу саласы.
- Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары мен принциптері.
- Мемлекеттік техникалық реттеу. жүйесінің құрылымы.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің техникалық реттеу саласындағы құзыреті.
- Уәкілетті органның құзыреті.
- Мемлекеттік органдардың техникалық реттеу саласындағы құзыреті.
- Аккредиттеу жөніндегі орган.
- Мемлекеттік органдар жанындағы техникалық реттеу саласындағы сарапшылық кеңестер.

• Ақпарат орталығы.

• Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер.

• Сәйкестікті растау жөніндегі органдар.

• Зертханалар.

• Техникалық реттеу саласындағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері.

• Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры.

• Сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың құзыреті.

• Сараптама ұйымы және тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар.

- Жалпы ережелер.
- Техникалық регламенттердің мазмұны.
- Техникалық регламентті әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және оның күшін жою ерекшеліктері.
- Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары.
- Ұлттық стандарттар.
- Үкіметтік емес стандарттар мен консорциум стандарттары.
- Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері.
- Қазақстан Республикасындағы ұйымдар стандарттары және стандарттау жөніндегі ұсынымдар.
- Халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарын қолдану.
- Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау.
- Өнімнің және процестердің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау.
- Сәйкестікті міндетті растау.
- Көлік құралының типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығын және негізділігін тексеру.
- Көлік құралының типін мақұлдауларды, шасси типін мақұлдауларды бекіту және тіркеу.
- Өнімді дайындаушылардың (орындаушылардың), сатушылардың сәйкестікті растау саласындағы құқықтары мен міндеттері.
- Сәйкестік сертификаты.
- Сәйкестік белгісі.
- Сәйкестік туралы декларация.
- Сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнімнің нарықтағы айналыс шарттары.
- Шет мемлекеттердің сәйкестікті растау нәтижелерін тану.
- Өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің сәйкестігін ерікті растау.
- Аккредиттеу.
- Аккредиттеу аттестаты.
- Техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар.
- Мемлекеттік бақылау объектілері.
- Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар.
- Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары.
- Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттері.
- Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану.
- Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды қорғау шаралары.
- Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі жауаптылығы.
- Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасын сақтамағаны үшін жауаптылығы.
- Өтпелі ережелер.
- Заңды қолданысқа енгізу тәртібі.

Осы Заң қолданысқа енуіне байланысты Қазақстан Республикасының "Стандарттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі және Қазақстан Республикасының "Сертификаттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңдарының негізгі ережелері «Техникалық реттеу туралы» Заңда қарастырылуына байланысты "Стандарттау туралы" және "Сертификаттау туралы" Заңдары күшін жойды.

2. ҚР Стандарттау туралы Заңы

Стандарттау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 16 шілдеде бекітіліп, 09.11.2004 ж. Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу» Заңымен шығуына байланысты күшін жойды.

Бұл Заң стандарттау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеген, мемлекеттік стандарттау жүйесінің құқықтық негіздерін және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу мен қолдану арқылы өнімнің, процестердің (жұмыстардың) және қызмет көрсетулердің сапасы мәселелерінде мемлекет пен тұтынушылардың мүдделерін қорғау шараларын белгілеген.

Стандарттау туралы Заңы 7 тараудан және 28 баптан тұрады.

Стандарттау туралы Заңының тарауларына төмендегілер жатады:

1-тарау. Жалпы ережелер.

2-тарау. Мемлекеттік стандарттау жүйесі.

3-тарау. Нормативтік құжаттар туралы ақпарат.

4-тарау. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау.

5-тарау. Стандарттау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

6-тарау. Дауларды шешу.

7-тарау. Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстарды аржыландыру.

Сондай-ақ, стандарттау туралы Заңы келесі мәселелерді қарастырады:

- Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар.
- Заңның қолданылу аясы.
- Стандарттау туралы заңдар.
- Стандарттаудың мақсаттары мен принциптері.
- Стандарттау объектілері.
- Стандарттау жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік басқару.
- Стандарттау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.
- Мемлекеттік стандарттау жүйесінің ұйымдық құрылымы.
- Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және оларға қойылатын талаптар.
- Мемлекеттік стандарттар, техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктегіштері.

• Ғылыми-техникалық, инженерлік қоғамдардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің стандарттары.

- Ұсынымдар.
- Фирмалық стандарттар.
- Техникалық шарттар.
- Нормативтік құжаттарды қолдану.
- Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау.
- Нормативтік құжаттар туралы ақпарат.
- Өнімді каталогтау жүйесі.
- Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының нақталуын мемлекеттік қадағалау.

• Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар.

- Мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құзыреті.
- Мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары.
- Мемлекеттік қадағалау органдары беретін ұйғарымдардың түрлері.
- Мемлекеттік қадағалау органдарының лауазымды адамдары берген ұйғарымдарды орындаудың міндеттілігі.

• Қазақстан Республикасының стандарттау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық.

- Заңның ережелерінің бұзылуына қатысты дауларды шешу.
- Лауазымды адамдардың іс-әрекетіне шағым жасау.
- Мемлекеттік стандарттау және мемлекеттік қадағалау жөніндегі жұмыстарды

қаржыландыру.

Оқыту әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, шолу лекция

Деңгейлік тапсырмалар:

1. Техникалық реттеу туралы Заңын айтыңыз.

2. Стандарттау туралы Заңын айтыңыз.

БӨЖ және ОББӨЖ тапсырмалары: Менеджмент жүйесі және мемлекеттік органдар менолардың функциялары.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3

2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.

3. Ж.Ж. Есенқұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.

4. Н.П. Пикула, А.А. Бакибаев, О.А. Замараева, Е.В. Михеева, Н.Н. Чернышова. Метрология, стандартизация и сертификация: учебное пособие. Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 185 с.

5. В.В.Сергеев, В.В.Терегеря. Метрология, стандартизация, сертификация : Учебник, - М., Изд. Юрайт, 2011, 820с.